

1. Атаулы әлеуметтік көмек кімге тағайындалады?

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңына сәйкес кедейшілік шегінен төмен деңгейде тұратын азаматтарға атаулы әлеуметтік көмек көрсетіледі. Жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен аспайтын Қазақстан Республикасы азаматтарының, оралмандардың, босқындардың, шетелдіктердің және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, азаматтығы жоқ адамдардың атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар.

Кедейлік шегінің мөлшерін орталық атқарушы орган тоқсан сайын мемлекеттің экономикалық мүмкіндіктеріне қарай пайыздық мәнде орта есеппен жан басына шаққандағы ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы негізінде айқындайды.

Кедейшілік шегі күнкөріс деңгейінің 40% болып, бүгінге күнге дейін 8168 теңге. Егер жан басына шаққанда отбасының кірісі кедейшілік шегінен аз болған да, күнкөріс деңгейімен кедейшілік шегінің айырмасы отбасының әр мүшесіне қосымша төленеді.

Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарда тіркелмеген жұмыссыздарға және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысудан жазбаша түрде бас тартқан Қазақстан Республикасының еңбекке жарамды азаматтарына, уәкілетті органдар ұсынған жұмысқа, оның ішінде әлеуметтік жұмыс орнына немесе қоғамдық жұмысқа орналастырудан, кәсіби даярлаудан, қайта даярлаудан, біліктілігін арттырудан дәлелсіз себептермен бас тартқан, осындай жұмыстарға қатысуды және оқуды өз бетінше тоқтатқан жұмыссыздарға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалмайды.

Өтініш беруші атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау үшін өз атынан немесе отбасы атынан осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішпен және мынадай құжаттармен тұрғылықты жеріндегі уәкілетті органға не Мемлекеттік корпорацияға не кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне жүгінеді:

- 1) жеке басын куәландыратын құжат;
- 2) отбасы құрамы туралы мәліметтер;
- 3) өтініш берушінің отбасы мүшелерінің алған табыстары туралы мәліметтер;
- 4) жеке қосалқы шаруашылығының бар-жоғы туралы мәліметтер;
- 5) тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат (мекенжай анықтамасы немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің анықтамасы);
- 6) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары шеңберінде жасалған жағдайда әлеуметтік келісімшарттың көшірмесі.